Бекітемін:
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі
Ажигулова А.К.___________

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасының педагогтарымен
2023 -2024 оқу жылында өткізілетін
педагог-психологтың жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс мазмұны | Өткізу түрі | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Жаңадан келген балалардың бейімделуі туралы аналитакалық анықтама<br>«Баланы балабақшаға қалай дайындау керек?» | кеңес | Қыркүйек |
| 2 | «Баланың балабақшаға бейімделуі» | кеңес | Қазан |
| 3 | «Педагогтармен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты бағалау» | сауалнама | Қараша |
| 4 | Диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша консультациялар және бақылау | Жеке кеңестер | Жыл бойы |
| 5 | «Эмоционалды күйзеліс деңгейі» | Диагностика | Қаңтар |
| 6 | «Жан жылуын сыйлайық» | тренинг | Ақпан |
| 7 | «Кәсіби этика , балабақшадағы мінез-құлық» | Тренинг | Наурыз |
| 8 | «Педагог арасындағы тұлға аралық қарым-қатынас» | сауалнама | Сәуір |

Сканировано с CamScanner

## Педагогтармен жүргізілген жұмыстар











Сканировано с CamScanner

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-\балабақшасының балаларымен жүргізілген психодиагностика (Павлова Н.Н,РуденкоЛ.Г Экспрес Диагностика) әдісі бойынша қортындысы**

**2023-2024 оқу жылы**

**Хаттама**

**Мақсаты:** Балалардың танымдық деңгейін анықтау. Балалардың ойлау ,қабылдау, зейіні,есте сақтау, қиял, жалпы хабардардық, логикалық ойлау, сөздік қорларының деңгейлерін диагностикалау

**Жүргізілген уақыты:** 15. 09. 2023 г

**Тобы: Ортаңғы аралас «Айгөлек»** тобы

**Қатысқан бала саны:** 8

**Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г**

| № | Аты-жөні | субтест | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.Баспалдақ (Өзін-өзі бағалауы) | | | Шеңберді қию (ұсақ маторика) | Үй (зейін) | 10 сөз (есте сақтау) | Сөйлемді аяқта (сөздік логикалық ойлау) | 4 артық (бейнелі логикалық ойлау) | Суреттің дұрыс орналасуы | Жетіспейтін суретті тап (ойлау және сөйлеу) | Адамның суреті | Қиылған суреттер (қабылдау) | Бұл неге ұқсайды (қиял) | Тыйым сөздер (ерікті) | Графикалық диктант | Субтесттің жалпы баллы |
| | | Б | Т/1 | Т/2 | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Асхаров Жандарбек | ж | ж | о/ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 2 | Азат Нұркелді | ж | ж | о | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 11О) |
| 3 | Амангелді Нұрали | ж | ж | ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 4 | Болат Әлинұр | ж | о/ж | ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 5 | Ерназарова Фариза | Ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 13(О) |
| 6 | Ерік Нұрислам | Ж | Ж | Ж | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0(Т) |
| 7 | Өсербаев Еламан | О | Ж | Ж | 1 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 5(Т) |
| 8 | Шакиұлы Санжар | Ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| | | 1)О-6-75%<br>Т-2—25%<br>2) О-6-75%<br>Т-2—25% | | | 3) О-6-75%<br>Т-2-25%<br>4) О-6-75%<br>Т-2-25%<br>5) О-7-87%<br>Т-1-13% | | | 6)О-7-87%<br>Т-1-13%<br>7) О-6-75%<br>Т-2-25%<br>8) Ж-1-13%<br>О-5-62%<br>Т-2—25% | | | 9) О-7-87%<br>Т-1-13%<br>10) О-7-87%<br>Т-1-13% | | | 11) О-6-75%<br>Т-2—25%<br>12) О-6-75%<br>Т-2-25% | | | |

**Қортынды** : ортаңғы аралас «Айгөлек» тобының балаларын зерттей келе психологиялық даму процестерінің жоғары-13, %, орташа- 62,2%, төмен- 25,2 % деңгейді көрсетті.Төменгі деңгейді көрсеткен балалар мен психолог тарапынан түзете-дамыту жұмыстары жүргізіледі. Ересек аралас «Айгөлек» топ арасында басым дамыған қабылдау ,ойлау , қиял, қол маторикасын, қабілеттерін зерттей келе тәрбиешілерге ұсынылды.

**Тәрбиешілерге ұсыныс**:Ортаңғы аралас топ арасында басым дамыған қиял, қол маторикасын, көріп еске сақтау қабілеттерін одан әрі дамыту мақсатында оқу тәрбие жұмыстарында түрлі бағыттағы әдістемелерді пайдалану ұсынылды.

Педагог-психолог: А.Р.Аскарова

Сканировано с CamScanner

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-\балабақшасының балаларымен жүргізілген психодиагностика (Павлова Н.Н,РуденкоЛ.Г Экспрес Диагностика) әдісі бойынша қортындысы**

**2023-2024 оқу жылы**

**Хаттама**

**Мақсаты**: Балалардың танымдық деңгейін анықтау. Балалардың ойлау ,қабылдау, зейіні,есте сақтау, қиял, жалпы хабардарлық, логикалық ойлау, сөздік қорларының деңгейлерін диагностикалау

**Жүргізілген уақыты**: 18. 09. 2023 г

**Тобы: Ересек аралас «Айгөлек»** тобы

**Қатысқан бала саны**: 17

**Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г**

| № | Аты-жөні | Субтест | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.Баспалдақ (Өзін-өзі бағалауы) | | | Шеңберді қию (ұсақ маторика) | Үй (зейін) | 10 сөз (есте сақтау) | Сөйлемді аяқта (сөздік логикалық ойлау) | 4 артық (бейнелі логикалық ойлау) | Суреттің дұрыс орналасуы | Жетіспейтін суреттң тап (ойлау) | Адамның суреті | Қиылған суреттер (қабылдау) | Бұл неге ұқсайды (қиял) | Тыйым сөздер (ерікті) | Графикалық диктант | Субтесттің жалпы балы |
| | | Б | Т/1 | Т/2 | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Әлібек Әбу | о/ж | ж | о/ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 14(О) |
| 2 | Әлібек Әли | о/ж | ж | о | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 13(О) |
| 3 | Ерлан Ғалым | Ж | ж | ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 13(О) |
| 4 | Ермек Адай | Ж | о/ж | ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 13(О) |
| 5 | Жарасханова Фариза | Ж | ж | Ж | 2 | 1 | 1 | 1 | 2 | 2 | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 17(О) |
| 6 | Жәнібекұлы Тамерлан | о/ж | Ж | Ж | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 7(Т) |
| 7 | Зинолда Заңғар | Ж | Ж | Ж | 2 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 2 | 2 | 1 | 1 | 16(О) |
| 8 | Зинолда Амирхан | Ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1 | 13(О) |
| 9 | Кривозубова Софья | Ж | Ж | о/ж | 1 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 11(О) |
| 10 | Құрманбай Әбілхайыр | о/ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 11(О) |
| 11 | Насыр Мансур | Ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 12 | Орынбасар Нұрдара | Ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 13 | Өтеғали Назмерей | Ж | Ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 14 | Пипич Арсений | Ж | о/ж | Ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 12(О) |
| 15 | Теңелұлы Ислам | о/ж | о/ж | ж | 0 | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 5(Т) |
| 16 | Шәмекеева Әсем | Ж | Ж | Ж | 1 | 2 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 2 | 2 | 2 | 1 | 1 | 17(О) |
| 17 | Ізтұрған Мирас | Ж | Ж | ж | 1 | 1 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 11(О) |
| | | 1.Ж-2-14%<br>О-14-78%<br>Т-1-7%<br>2.Ж-1-7%<br>О-15-85%<br>Т-1-7% | | 3.О-15-85%<br>Т-2-14%<br>4. О-15-85%<br>Т-2-14%<br>5. Ж-1-7%<br>О-13-71%<br>Т-3-21% | | | 6. Ж-3-21%<br>О-12-60%<br>Т-1-7%<br>7. Ж-2-14%<br>О-14-78%<br>Т-1-7% | | | 8.Ж-3-21%<br>О-14-78%<br>9.Ж-2 -14%<br>О-15 -85% | | | | 10. Ж-6—22%<br>О-11---77%<br>11.О-16----92%<br>Т-1---7%<br>12. О-13---92%<br>Т-1---7% | | | |

Қорытынды:Ортаңғы аралас «Айгөлек» тобының балаларын зерттей келе психологиялық даму процестерінің жоғары-26,9 %, орташа-55,8 %, төмен- 17,3 %

Сканировано с CamScanner

деңгейді көрсетті.Төменгі деңгейді көрсеткен балалар мен психолог тарапынан түзете-дамыту жұмыстары жүргізіледі. Топ арасында басым дамыған қабылдау ,ойлау , қиял, қол маторикасын, қабілеттерін зерттей келе тәрбиешілерге ұсынылды.

Тәрбиешілерге ұсыныс: топ арасында басым дамыған қиял, қол маторикасын, көріп еске сақтау қабілеттерін одан әрі дамыту мақсатында оқу тәрбие жұмыстарында түрлі бағыттағы әдістемелерді пайдалану ұсынылды..

Педагог-психолог: А.Р.Аскарова

Сканировано с CamScanner

**«Жұлдыз-ай» балабақшасына**
**жаңадан келген балалардың бейімделуі туралы**
**аналитикалық анықтама**

2023 жылы қыркүйек айында балабақшаға 21 бала қабылданды.
Балалардың балабақшаға бейімделуі бақылауға алынды.
А.С.Роньжинаның әдісі бойынша жеке диагностика өткізілді.
Бақылау кезінде баланың психикалық денсаулығының келесі көрсеткіштері ескерілді:
- эмоционалдық жағдайы;
- ересектермен және балалармен әлеуметтік байланыстар:
- танымдық және ойын әрекеті;
Балалардың балабақшаға бейімделуінің диагностика нәтижес і:

| Айы | Бейімделу деңгейі | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Балалар саны | жеңіл | орташа | Қиын |
| | | Бала саны | Бала саны | Бала саны |
| Қыркүйек | 21 | 17 | 4 | 0 |

17 баланың бейімделуі жеңіл түрде өтті. 5-6 күнде ұйқылары қалыпқа келіп, жақсы тамақтана бастады. Көңіл-күйлері жайдары, көтеріңкі болып бақшаға келеді. Қоршаған ортаға қызығушылығы, сөйлеу және танымдық белсенділіктері қалыпқа келді.

4 балада бейімделу процесі орташа дәрежесінде өтті: оларда психикалық күйзеліс белгілері байқалды.: қорқыныш, қыңырлық, көз жасы. 3-4 апта аралығында балалардың мінез-құлқы жақсарды.
Бейімделудің ауыр түрі бар балалар жоқ.
Жалпы балалардың эмоционалды күйі жақсы, ересектермен және балалармен әлеуметтік байланыстары байқалды, танымдық және ойын әрекетіне белсенділік танытады.

Бейімделудің барлық кезеңінде педагог психолог «Мектепке дейінгі мекемеге бейімделу кезеңінде 2-4 жастағы балаларға арналған психолог сабақтары» атты Роньжина А.С. бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілді.
Топтардың тәрбиешілеріне балабақшаға бейімделу үдерісін жеңілдету бойынша ұсыныстар, жеке кеңес берілді.
Баланың балабақшаға сәтті бейімделуіне көмектесу мақсатында педагог-психолог ата-аналарға «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты
сауалнамасын жүргізді. Ата-аналар жиналысына «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес дайындалды.
Осылайша, бірлескен әрекеттердің арқасында жаңадан келген балалардың бейімделуі сәтті өтті.

Педагог-психолог: [signature] А.Р.Аскарова

Сканировано с CamScanner

**«Жұлдыз-ай»Тамды бөбекжай- балабақшасы**
**Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша**

**Хаттама№1**

**Жүргізілген уақыты: 7.10.2023 ж.**
**Кіммен өткізілді: ортаңғы топ тәрбиешілерімен**
**Қатысқаны: 2**
**Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»**

Бейімделу кезінде балада болатын психоэмонациональды қысымның белгілері
1. Ұйқыға жатқысы келмеу
2. Бұрын көрмеген, іс - әрекеттерден шаршау
3. Себепсіз ренжігіштік, жылағыштық немесе ызақорлану
4. Зейіні тұрақсыз, ұмытшақтық
5. Алаңдаушылық
6. Өзіне сенімсіздік
7. Қырсықтық таныту
8. Ұдайы саусақ сорғыштық
9. Қарым - қатынасқа түсуден қорқу
10. Бұрын байқалмаған, түскі және түнгі ұйқыда зәр шығару
Жоғарыда аталғандардың бәрі баланың психоэмоционалды күйзелісте екенін көрсетеді, тек алдын осындай белгілер байқалмаған жағдайда ғана.
Балалардың өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру
Бейімделу кезеңінің негізгі міндетінің бірі – қалада өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс - әрекеттерді орындау кажет:
1. Балаларды бір - бірімен таныстыру, бір - біріне жақындастыру;
2. Тәрбиеші мен баланың танысуы, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
3. Топпен және балабақшамен танысу;
4. Балабақша қызметкерлерімен танысу;
Осының барлығы, яғни айналамен таныстру ойын түрінде жүргізілуі тиіс.
Балаларды бір - біріне жақындастыруға бағытталған ойындар
1. Кел, танысайық!
Балалар тәрбиешімен бірге шеңберде тұрады. Тәрбиеші қолына доп (доп жеңіл, әдемі болуы керек) алады. Бала допты қағып алып, өзінің атын айтып, келесі балаға береді, ойын осылай жалғасады.
2. Көпіршіктер!
Балалар орындықта жартылай шеңбер болып отырады. Тәрбиеші бір баланың жанына барып «Сенің атың кім?» атыңды қатты дауыспен барлығы есітетіндей етіп айтшы деп сұрайды!» Бала өзінің атын айтады. Тәрбиеші баланың атын қайталап, қолынан ұстап, келесі балаға келеді, осылай барлық бала кезекпен бір - бірінің қолдарынан ұстап тәрбиешімен жүреді. Алдымен ойынға құштарланып тұрған балаларға барған жөн. Егер бір бала ойнағысы келмесе қинаудың қажеті жоқ. Олар ойынды бақылап отырып, ойынға қызығып өздері ойынға қосылады.
Балалар үлкен шеңбер болады. Тәрбиеші, «қараңдаршы бізде қандай үлкен көпіршік сияқты шеңбер пайда болды! Қараңдаршы, біз қалай көппіз.- Ал енді кішкентай шеңбер жасаймыз».
Балалар тәрбиешімен тығыз шеңбер жасап, көпіршікті үрлей бастайды.

Сканировано с CamScanner

3. «Кімнің дауысы?»
Балалар жартылай шеңбер жасап отырады, ойын бастауға бір бала шығып, балалардың артында тұрып бір баланың атын атайды, балалар кім екенін табады. Ойын осылай жалғасады.
Балаларды балабақшаға бейімдеу барысында балаларды балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлермен таныстыру мақсатында ойындар жүргізу керек.
Әр баланы таңертеңгі қабылдауда жылы қабақпен қабылдау. Ата - анамен тығыз байланыста болу.

Педагог-психолог: А.Р.Аскарова

Сканировано с CamScanner

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы**
**Диагностика қорытындысы бойынша**
**Хаттама**

**Диагностиканың атауы:** «Педагогтармен ата-ана арасындағы қарым-қатынас деңгейін бағалау»
**Мақсаты**: Қарым-қатынас бойынша педагогтармен ата-аналардың бағаланбаған қабылдауын дамыту. Сабырлық пен ұстамдылыққа тәрбиелеу, адамдарға құрметпен қараудың маңыздылығын тереңірек түсіну.
**Кіммен өткізілді**: Педагогтармен
**Қатысқаны:** 6 педагог
Әдістеме барысында:
Әдістеме 16 сұрақтан тұрады. Әдістеме нұсқауы: Педагогтарға бірнеше қарапайым сұрақтар қойылады. Тез, анық «иә», «жоқ», «кейде» деп жауап беру керек.
Әдістеме бағалануы: Жауап рейтингі: «иә» – 2 ұпай, «кейде» – 1 ұпай, «жоқ» – О ұпай.
Алған ұпайлары жинақталып, қай санатқа жататыны анықталады.
А.К.Ажигулова, А.О.Едигина М.О.Касымгалиева 9-13 ұпай. Сіз өте көпшіл бола аласыз. Ата-анаңызбен үнемі сөйлесуге тырысыңыз, бірақ көбінесе бұл әңгімелер мағынасыз. Сіз назардың орталығында болуды ұнатасыз және ешкімніңөтініштерінен бас тартпайсыз, бірақ сіз оларды әрқашан орындай алмайсыз. Ата-аналарға балаларын қалай тәрбиелеп жатқаны туралы өз пікіріңізді білдіруге тырысыңыз және кез келген жағдайда оларды бала тәрбиесіне байланысты ойланатын нәрселер туралы кеңес беріңіз. Сіз тез ашуланшақсыз, бірақ тез ойлысыз. Күрделі мәселелерге тап болған кезде сізге шыдамдылық пен батылдық жетіспейді. Қаласаңыз, сіз мағыналы қарым-қатынас жасай аласыз.
К.А.Агадиева, М.Х.Абдрахманова 4-8 ұпай. Сіз тым көпшілсіз. Әрбір ата-анаға «дос» болуға, олардың барлық мәселелерінен хабардар болуға ұмтылыңыз. Барлық даулар мен талқылауларға қатысуды ұнатады. Сіз \әрқашан кез келген тапсырманы орындауға дайынсыз, бірақ оны әрқашан сәтті орындай алмайсыз. Сіз кез келген мәселе бойынша өз пікіріңіз бар және оны әрқашан білдіруге ұмтыласыз. Мүмкін осы себепті ата-аналар мен әріптестер сізге сақтықпен және күмәнмен қарайды. Сіз бұл фактілер туралы ойлануыңыз керек.
Адилова М.. 14-18 ұпай. Сіздің қарым-қатынас дағдыларыңыз қалыпты. Сіз кез келген ата-анамен«ортақ тіл» таба алатыныңызға сенімдісіз. Сіз ата-анаңызды ықыласпен тыңдайсыз, олармен қарым-қатынас жасауда шыдамдылық танытасыз және өз көзқарасыңызды басқаларға таңпастан қалай қорғау керектігін білесіз. Ата-аналармен жеке және ұжымдық қарым-қатынас сізге жағымсыз әсер етпейді. Ата-аналар да сізбен байланыста болуға және сізден кеңес пен қолдау алуға тырысады. Сонымен қатар, сіз көп сөзді, шамадан тыс эмоционалдылықты ұнатпайсыз және қажетсіз жанжалдарды болдырмауға тырысасыз.

Педагог-психолог: А.Р:Аскарова

Сканировано с CamScanner

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасында педагогтармен жүргізілген психологиялық тренингтің**

**Хаттамасы**

**Өткізілу уақыты: 19.04.2024 ж.**
**Қатысқаны: 8**
**Тақырыбы: «Жан жылуын сыйлайық» атты тренингі**

**Мақсаты**: Жаңа қоғамдағы адамгершілік, патриотизм және педагогиканың ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім беру іскерліктерін дамыту.
Мұғалімнің эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту. Ұстаздардың өз кәсібіне деген ынтасын арттыру.

Сәлеметсіздерме, ұлағатты ұстаздар! Бүгін сіздерді психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған «Жан жылуын сыйлайық» тренинг сағатына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.
I. Ұйымдастыру кезеңі:
«Шаттық шеңбер» қатысушылардың бәрін шеңберге шақырамыз.
«Амандасу тренингі» қол шапалақтау
«Жан жылуы» жаттығуы. Қолдарынан ұстап бір-біріне төмендегі сөздерді хормен айтады.
Мен сенен жылу аламын (сол жағына қарайды)
Жүрегіме саламын (тура қарайды)
Досыма сыйлаймын (оңға қарайды)
Сәттілік тілеймін (тура қарайды)
«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы: Қобдишаны бір-біріңнің қолдарыңа бересіздер, қобдишаны алған адам оны ашып ішіне қарайды.
Оның ішінде кішкентай өзеннен сіздер жан-жақты және қайталанбайтын бейнені көресіздер. Оған күліп карауларыңыз керек.
Тренер талдау: жан-жақты және қайталанбайтын бейне деген сөзді қалай түсінесіздер?
- сіздер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сізге қалай қарады?
- Қобдишаның ішінен қандай құпияны күттіңіздер?
- Демек, біз, сіз, әрбір адам өз алдына жан-жақты қайталанбайтын дүние екен. Ендеше сіздердің «сиқырлы қобдишадан » күткен құпия сырларыңыз сияқты, мен сіздермен құпия ойындар мен тапсырмаларға толы тренингмізді бастаймын.
«Жемістер жинау» жаттығуы: Құрметті әріптестер қазір сіздер мына жемістерден өздеріңіз қалағанын алып жейсіздер, ал енді кім қандай жеміс жеді солай бірбірімізді табамыз. Осылайшы топқа бөлінеміз.
**1-тапсырма:** Жарқын шуағын төккен күн шуағының астында әр ұлттың үш баласы қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.
Мұғалімдер ойы:
Тренер талдау: Сыртқы түстері әр түрлі болғанымен бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұлағатты ұстаздар оларға күн сәулесіндей бірдей мейірім шуағын төгеді.
«Нұрлы жүрек» жаттығуы: «Ұстаздармен сұхбаттасу жолы».Олай болса назарларыңызды экранға аударайық.Мінекей сіздерге бірнеше сұрақтар беріліп тұр.

Сканировано с CamScanner

1. сіздің бала кезіңіздегі арманыңыз қандай?
2. сіздің қызығушылығыңыз қандай?
3. сіз қандай оқушыны ұнатпайсыз?
4. ең сүйікті мейрамыңыз қандай?
5. өз мамандығыңыз сізге ұнайма?
6. бос уақытыңызда немен айналысасыз?
7. мұғалімдіктен басқа қандай мамандыққа барар едіңіз?
8. оқушы бойынан қандай қасиет көргіңіз келеді?
9. сізге ұнамайтын үйірмелер бар ма?
10. сіздің қолыңызда билік болса, қандай үйірме ашар едіңіз?

Тренер сөзі: Нұсқау: алдарыңыздағы А4 ақ қағазға әркім қос қолының суретін бастырып алады және сауақтарға өз жауаптарын жазып, ал есімдерін ортадағы жүрекшеге жазу керек.

Мұғалімдер жауабы:

Тренер: Рахмет сіздерге, әрқашанда жүректеріңіз нұрлы иманға толы болсын деген тілекпен тренингімізді жалғастырамыз.

«Опликация»жаттығуы: бұл бөлім бойынша әр топ өзі таңдап алған түсінен плакатқа жабыстыру арқылы белгілі бір бейнені білдіреді.

Нұсқау: мына бөліп қойған түстерді топ басыларыңыз таңдауға болады.

Енді 1 топқа – қызыл, жасыл түс келді (Бұл топ Қалампыр гүлін жасайды және оны өзі қорғап , әділқазылардың біріне сыйлайды)

2-топқа – көк, сары түс келді (бұл топ ҚР Туын бейнелеп, оны қорғап , өзі қалған әділқазыға ұсынады)

( Топ басылары өз ойларын жеткізеді)

Тренер сөзі: 1-топқа, рахмет сізге. Гүліңізді кімге сыйлар едіңіз?

Сіздің шәкірттеріңіз, сізден алған білімімен тәрбиесінің арқасында Отанымызды сүйетін патриоттар болып, осы гүл сияқты құлпырып өсе берсін деп тілеймін!

2-топқа. Керемет! Сіз кімге сыйлайсыз? Сіздің шәкірттеріңіз, еңбектеріңізді ақтап егеменді еліміздің білімді ұрпағы болып, тілімізді,дінімізді құрметтей отырп, еліміздің туын биікке көтеруіне шын жүректен тілектеспін!

«Жұбыңды тап» жаттығуы: екіге бөлінген жүрек таратамын ,жұбын табу керек.

Бәрі қайтадан 2-2 ден жұп болып бөлінеді.

Рефлексия: «Ашығын айтсам»

1. Бүгінгі тренинг сіздерге ұнады ма?
2. тренингтен қандай әсер алдыңыз?
3. тренингтен кейінгі көңіл күйіңіз қандай?

Тренер сөзі: «жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады» Ә.Науай.

Осы шенбер бойынша тұрып,жүректі үлестіруарқылы бір-біріне тілек айту.

Жылы сөз адамдарды достастырады, сабырлы болуға, денсаулығын сақтауға, көңілін көтеруге аашуын қайтаруға септігін тигізеді. әр айтылған сөзді адам жүрегімен қабылдайды. Сондықтан, қолдан келгенше бір-біріңе жылы, жақсы сөздер айтқан дұрыс.

Қорытынды: Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі-қайырымды ісі, екіншісі- жүректен шыққан жылы сөзі. әрқашанда бір-бірімізге жылы сөздер айтып, бір-бірімізге қайырымды болайық.

Сканировано с CamScanner